


ЗЕРДЕ

ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК журнал



11/92

Ғылым жайы толғандырады
(ҚР Ғылым Академиясы
Президиумының Бас ғалым
хатшысы К.Ә.Сағадиевпен
сұхбат)// Зерде.-№11.-1992.-
3-5 б.



«Нарыққа шындап бет қойған екенбіз енді шегінудің реті жоқ. Өйткені, өзіміз де, балаларымыз да жақсы тұрмыстың дәмін татып, төрт құбыламыз сай болсын десек тек ғылым жайын ойлауымыз керек. Ғылым ғана бізді тапшылықтың тақырынан байлықтың бұлағына апара алады»,—дейді экономика ғылымының докторы, профессор Кенжеғали Әбенұлы САҒАДИЕВ.

керек

7



№ 11 [395], қараша, 1992 жыл.

Ай сайын шығатын республикалық ғылыми-көпшілік журнал

ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ: ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТ-ТІК КОМИТЕТІ МЕН РЕДАКЦИЯ ҰЖЫ-МЫ

Журнал 1960 жылдан шыға бастады.

«Зерде» («Интеллект»); на казахском языке. Ежемесячный научно-популярный журнал Казахстана. Выходит с 1960 года.

Журнал Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде № 87 куәлікпен тіркелген

Бас редактор Есенғали РАУШАНҰЛЫ
РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС: Әшірбек АМАНКЕЛДІҰЛЫ [Бас редактордың орынбасары], Шәріп ОМАРҰЛЫ, Александр ТАСБОЛАТ, Болатбек ТӨЛЕТАЙҰЛЫ.

Көркемдеуші редактор Нүркелді ЕСЕНАМАНҰЛЫ
Техникалық редактор Марта ДОСАНҚЫЗЫ
Кезекші редактор Бауыржан ФАЙЗОЛЛАҰЛЫ
Корректор Жаманқұл МУШТАЙҚЫЗЫ.

Теруге жіберілді. 20.09.92. Басуға рұқсат етілді. 30.10.92 Көлемі 84x108 1/16. Офсетті басылым Мөлшері баспа табағы. 3,36 Шартты баспа табағы. 3,36 Шартты бояу көлемі 11,2. Тираж 34897. Тапсырыс 83.

Автордың көзқарасы мен пікіріне редакция жауап бермейді.

Редакцияның мекен жайы: 480044, Алматы қаласы, «Жібек жолы» проспектісі, 50-үй, 8-қабат. Телефондар: Бас редактор — 33-83-81. Бас редактордың орынбасары — 33-83-80. Бөлімдер: «Таныс» — 33-83-88, «Темірқанат» — 33-83-88, «Ғарыш» — 33-91-39, «Са...

ҒЫЛЫМ ЖАЙЫ ТОЛҒАНДЫРАДЫ

Нарық доңғалағы сықырлап енді айналар кезде қалың жұрттың арасында көп әңгіме болғаны рас. «Бү дүние не боп барады?» «Нарық дегеніміз не?» Осы тақылеттес басқа сұрақтардың қойылуына орай гу-гу әңгімелер әрбір шаңырақты шулатты-ай кеп. Ал уақыт қашанда өз дегенін істемеді ғой. Заман талабына сай нарық тегершігі өзіне оралған шөпшаламды, шырмауықты бырт-бырт үзіп айналып келіп кетті. Сөйтіп, «бү дүние не боп барады» деген әңгіме тақырыбы басқа арнаға көшті. «Енді өзің үшін еңбек етесің» дейді. Ал, бұл «Еңбек етпеген ішіп-жемейдің» нағыз өзі деген әңгімелер қайта жанданды. Демек алдағы уақытта тек жұмыс істеп қою жеткіліксіз, өзіңді жарылқап сол арқылы мемлекетті нығайту керек екен. Ал әрбір елдің байлығы, мықтылығы сол елдің ғылымына байланысты. Өйткені осы нарықтық жолмен дамыған елдердің жағдайына байланысты. Ал, осы нарықтық жолмен дамыған елдердің жағдайын тілге тиек етер болсақ оларды көркейткен тек ғылымның нәтижесі. Экономикасына тіс батпайтын айбатты АҚШ яки Жапонияны алсақ та, тіпті кейінгі кезде әлем жұрты танып, мойындаған Тайвань, Сингапур, Тайланд, Малайзия секілді елдердің берекелі жолға түсуі ғылымға арқа...

етімізді де, әдебиетімізді де, күйімізді де қалай көтереміз дегенде тек ғылымға ғана тізгінді беру керек екен.

Бірақ, осы «ғылымымыздың өзі не істеп жатыр» деген сұрақтың тағы жолды кес-кестеуі әбден мүмкін. Өйткені қай басылымды алмайық бүгінгі ғылымның тынысы оның ордасы Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының жай-күйі туралы сан қилы әңгімелер туындап жатыр. «Күн сайын алақан жайып, қаражат сұрап жатқан ғылымымыз елімізді, жерімізді көгерте ала ма?» дейді. Жалпы тіпті «Академияны мүлде қайта құрып, ғалымдарды тарқатып, оның соң әрбір ғалымды саусақпен санағандай қайта қабылдау керек» деген ойлар бар. Демек, иә, айта берсек мазалаған сұрақ көп, сондықтан бір сәт ғалымдарымызға да құлақ түріп көрелікіші.

Жоғарыда айтылған және «жалты ғылымымыз не тындырып жатыр» деген сұрақтар төңірегінде Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясы Президиумының Бас ғалым хатшысы, экономика ғылымының докторы, профессор, академик, (Оқырмандарымыздан алдын ала кешірім өтінеміз, өйткені осы мақала журналға басылып шыққанша арада екі үш айдың жүзі өтіп кеткен еді. Осы уақыт аралығында Кенжеғали Әбенұлы К



